

Құрметті төрағалық етуші!

Құрметті депутаттар!

«2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Мемлекет Басшысының халқына жыл сайынғы жолдауларында және Қазақстан Республикасы Президентінің ағымдағы жылғы 10 шілдедегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты мақаласында берген тапсырмаларын іске асыруға бағытталған.

Бюджеттің жобасы негізгі көрсеткіштері туралы Экономикалық даму және сауда министрі баяндаған елдің макроэкономикалық дамуының базалық сценарийі негізінде қалыптасқан.

2013-2015 жылдарға арналған бюджет жобасын дайындау кезінде Үкімет бір жағынан, басым шығыстарды консервативтік жоспарлауға, екінші жағынан, бюджетті болуы мүмкін болатын кірістердің төмендеуінен сақтандыруға және дағдарыстың жаңа толқыны болған жағдайда оның республикалық бюджетке әсерін жеңілдету не бейтараптандыруға бағытталған шаралар қабылдады.

Аталған міндеттер жаңа бюджеттің қағидасы, атап айтқанда бюджеттің **шартты қаржыландырылатын шығыстары** арқылы, шешіледі. Олар Парламенттің қарауына енгізілген Бюджеттік кодексінде қарастырылған тиісті өзгерістеріне сәйкес, жүзеге асырылады.

Оның негізгі мәні – экономиканы күту әсері түріндегі қосымша ынталандырумен қамтамасыз ету және алда болатын оң немесе теріс әлеуетті ауытқуыларға жедел ден қоюға мүмкіндік алу болып табылады.

Мұндай шығыстардың тізбесі, бір жағынан, олардың басымдықтарын және, екінші жағынан, одан қаржыландырылуы елдегі экономикалық жағдайдан тәуелсіз болуға тиісті әлеуметтік маңызы бар шығыстар мен мемлекеттің қабылданған міндеттемелерін кіргізбеуді ескере отырып, қалыптастырылды.

Бюджет жобасында 2013 жылға арналған шартты қаржыландырылатын шығыстар **200 млрд. теңге** көлемінде Қаржы министрлігінің бөлінетін бюджеттік бағдарламасында көрініс тапты. Шартты қаржыландырылатын шығыстардың тізбесі әкімшілер мен іс-шаралар бөлінісінде 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында тіркелген.

Құрметті депутаттар!

Үкімет бюджет кірісін жоспарлау кезінде сақтықпен қарайтыны және соның салдары ретінде ағымдағы бюджетті бірнеше рет нақтылайтыны туралы біз сынды жиі естиміз.

Бұл ретте, шартты қаржыландырылатын шығыстар «сақтық шараларын» қамтамасыз ете отырып, кірістерді неғұрлым оңтайлы нұсқада жоспарлауға мүмкіндік берді.

Шартты қаржыландырылатын шығыстарды қаржыландыруға дайындық жылдың басынан бастап, ал қаржыландыруды ашу – 1 және 2-інші тоқсандардың қорытындылары бойынша кірістер жөніндегі жоспардың орындалуына, кейінге қалдыру шартымен сондай-ақ қолдау тапқан шығыстар бойынша жетіспеген құжаттаманың берілуін ескере отырып, жүргізілетін болады.

Ал енді, бюджеттің негізгі параметрлеріне, олардың тұтастығын бұзбау мақсатында, шартты қаржыландырылатын шығыстарды ескере отырып жасалған стратегиялық даму бағыттары мен оларға қол жеткізуге арналған ашығыстарға көшуге рұқсат етіңіздер.

Түсімдер мынаны құрайды:

- 2013 жылы – 2012 жылдың бюджетіне **178,2 млрд. теңгеге** өсе

отырып **5 415,1 млрд. теңге**. 2013 жылдың түсімдерінде кепілдендірілген трансферттің мөлшері **1 380 млрд. теңге** сомасында ескерілген, ол ағымдағы жылғы кепілдендірілген трансферттің тұжырымдамада бекітілген **8 млрд. доллар** мөлшерінен **+/- 15%** -ға түзету мүмкіндігі бөлігінде Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына енгізілген түзетулерді ескере отырып, есептелген.

- 2014 жылы – 2013 жылдың болжамына **292 млрд. теңгеге** өсе отырып **5 707,1 млрд. теңге**;

- 2015 жылы – **6 388,2 млрд. теңге** немесе 2014 жылдың болжамына қарағанда **681,1 млрд. теңгеге** артық.

2014-2015 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферттер жоғарыда аталған 15 пайызға түзетусіз жылына **1 188 млрд. теңге** мөлшерінде анықталған, яғни, теңгенің АҚШ долларына болжамдық бағамы бойынша 8 млрд. доллар етіп есептелген.

Бұдан басқа, түсімдерде:

- 2013 жылға – «2011-2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталған **121,1 млрд. теңге мөлшерде** бюджеттік алулар ескерілген.

2014-2015 жылдары бюджеттік алулар тиісінше **131,1 млрд. теңгені және 177,7 млрд. теңгені** құрайды және болжамдық болып табылады.

2013 жылға арналған республикалық бюджет кірістерінің болжамы (трансферттердің түсімін есепке алмағанда) 2012 жылға бекітілген жоспарға қарағанда **212,6 млрд. теңгеге** арта отырып **3 828,4 млрд. теңге** сомасында анықталды.

Қарашығанақ жобасындағы (Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.) 10-пайыздық қатысу үлесін сатып алуға сәйкес 2012 жылдың жоспарында кіріс және шығыс бөлігінде 300,1 млрд. теңгені есепке

алуға байланысты, кірістердің нақты өсуі 15,5% немесе 512,6 млрд. теңгені құрайды.

2013 жылғы республикалық бюджет кірістерінде (трансферттердің түсімін есепке алмағанда) салық түсімдері анағұрлым көп үлес салмаққа ие **(97,6 %)**.

2013 жылғы салық түсімдерінде елеулі үлес корпоративтік табыс салығы бойынша **(39,5%)** және қосылған құн салығы бойынша **(33,6 %)** түсімдерге келеді.

Мұнайлы емес сектор бойынша **корпоративтік табыс салығы** жөніндегі 2013 жылға арналған болжам жалпы қосылған құнның болжамды көлеміне негізделген және **1 474,2 млрд. теңге** сомасында есептелді. 2012 жылға нақтыланған жоспарға қарағанда салық түсімдері өсімінің қарқыны 2012 жылы *(КПО-да 10-пайыздық қатысуынан 150,1 млрд. теңге)* – 106,4%-ды, біржолғы түсімдерді есепке алмағанда – 119,3% -ды құрайды *(2012 жылғы салық түсімін бағалауға қарағанда өсім 119,7 % немесе біржолғы түсімдерді есепке алмағанда 136,2%-ды құрайды)*.

Корпоративтік табыс салығы түсімдерінің 2014 жылға арналған болжамды көлемі 1 664,8 млрд. теңгені, 2015 жылға – 1 932,9 млрд. теңгені құрайды.

Қосылған құн салығы бойынша болжам 2013 жылға **1 253 млрд. теңге** сомасында есептелді, бұл 2012 жылға бекітілген жоспардың 124,8%-ын құрайды *(ағымдағы жылғы бағалауға 146,9%)*. 2012 жылдың бағалауында Қашаған жобасының мердігер компанияларына және «Азия газ құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне бюджеттен қосылған құн салығын қайтару сомасын ұлғайту ескерілді.

2014 жылға тұтастай алғанда қосылған құн салығының болжамды сомасы тұтастай алғанда 1 558,5 млрд. теңгені, 2015 жылға – 1 813,9 млрд. теңгені құрайды.

Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер бойынша тұтастай алғанда 2013 жылға арналған болжам **208,8 млрд. теңге** сомасында немесе 2012 жылғы нақтыланған жоспарға қарағанда, минералдық шикізаттың әлемдік бағасының төмендеуіне байланысты 7,8 %-ға өсе отырып (2012 жылғы бағалауға қарағанда өсім – 14%) анықталды.

2014 жылға болжам 181,6 млрд. теңге және 2015 жылға 181,3 млрд. теңге сомасында анықталды.

Халықаралық сауда-саттық пен сыртқы операцияларға салынатын салықтар бойынша 2013 жылға арналған болжам **747,6 млрд. теңге** сомасында анықталды, бұл 2012 жылғы бекітілген жоспардың 105,9%-ын құрайды (2012 жылдың бағасына 103,1%).

2014 жылға арналған болжам 771,5 млрд. теңге, 2015 жылға – 853,8 млрд. теңге сомасында анықталды. Болжамдар Кеден одағы жағдайларында кедендік төлемдерді бөлу, мұнайға салынатын экспорттық кедендік баж алу және Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру шеңберінде Ресей Федерациясының тарифтік міндеттемелерін есепке ала отырып, Кеден Одағының Бірыңғай кедендік тарифі ставкаларының өзгеру тетігінің қолданылуын есепке ала отырып импорт пен экспорттың болжамды көлемдеріне, АҚШ долларына шаққанда теңге бағана сәйкес анықталды.

Салыққа жатпайтын түсімдер бойынша 2013 жылға арналған болжам **58,8 млрд. теңге** сомасында анықталды, бұл 2012 жылдың бекітілген жоспарына шаққанда 25,5%-ды құрайды, одан 2013 жылғы болжамның салыққа жатпайтын түсімдер құрылымында анағұрлым көп үлес салмақ мыналарға келеді:

- «Байқоңыр» кешенін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының түсуі – **29 %**;

- мемлекеттік меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер – **17,3 %**.

2012 жылғы бекітілген жоспарға қарағанда 2013 жылы салықтық емес түсімдердің 74,5%-ға төмендеуі Қазақстан Республикасының Қарашығанақ жобасында (Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.) 10-пайыздық қатысу үлесін алуы нәтижесінде алынған **150 млрд. теңге** сомасында дивидендтердің түсуіне байланысты.

2014 жылға болжам **59,8 млрд. теңгені**, 2015 жылға – **61,6 млрд. теңгені** құрайды.

Шығыстар мынаны құрады:

- 2013 жылы – 2012 жылдың жоспарына қарағанда **183,5 млрд. теңгеге немесе** Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. 10-пайыздық қатысу үлесін сатып алуға бір жолғы шығыстарды (300,1 млрд. теңге) **есепке алмағанда 483,6 млрд. теңгеге** өсе отырып, **6 200,3 млрд. теңге**;

- 2014 жылы – 2013 жылғы шығыстар болжамына **265,7 млрд. теңгеге** өсе отырып, **6 466 млрд. теңге**;

- 2015 жылы – **7 124 млрд. теңге** немесе 2014 жылдың шығыстар болжамынан **658 млрд. теңгеге** артық.

Шығыстарда жергілікті бюджеттерге берілетін субвенциялар:

- 2013 жылға – «2011-2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анықталған **865,8 млрд. теңге** мөлшерде ескерілген.

2014-2015 жылдарға арналған субвенциялар тиісінше **949,1 млрд. теңгені** және **899,6 млрд. теңгені** құрайды және болжамды болып табылады.

2013-2015 жылдарға арналған шығыстар болжамы үш жылдық кезеңде тапшылық болжамының төмендеуін ескере отырып қалыптастырылды. Нәтижесінде, тапшылық мынаны құрады:

2013 жылы – **785,2 млрд. теңге** немесе жалпы ішкі өнімге **2,1%**;
2014 жылы – **758,9 млрд. теңге** немесе жалпы ішкі өнімге **1,8%**;
2015 жылы – **735,8 млрд. теңге** немесе жалпы ішкі өнімге **1,5%**.

Бюджет тапшылығы Ұлттық қордың қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың тұжырымдамасына енгізілген фискалдық көрсеткіштер мен шектеулердің шеңберінде және 2013-2017 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес белгіленді.

Бұрынғы сияқты бюджет жобасы әлеуметтік бағытта болып табылады, онда 2013 жылға арналған әлеуметтік шығыстардың үлесі¹ жалпы шығыстардың **39%-ын** (*2014 жылға – 40,1%, 2015 жылға – 39,7%*) немесе **2,4 трлн. теңгені** құрайды.

Белгіленген бюджеттік өлшемдер шеңберінде мынадай бағыттар іске асырылатын болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек.

Республикалық бюджеттің 3 жылдық кезеңінде әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке жұмсалатын шығыстар **4 583,5 млрд. теңге** сомасында жоспарланады (*одан 2013 жылы – ағымдағы жылға 141,1 млрд. теңгеге немесе 11,6%-ға өсе отырып 1 360,2 млрд. теңге*).

Аталған қаражаттың көп бөлігі (**91,5%**) 4,6 млн. зейнеткерлер мен жәрдемақы алушыларға әлеуметтік төлемдерге жіберіледі, оған 3 жылдық бюджетте **4 193,3 млрд. теңге** көзделген (*оның ішінде 2013 жылы – 1 236,6 млрд. теңге, бұл ағымдағы жылмен салыстырғанда 116,1 млрд. теңгеге немесе 10,4%-ға көп*).

Сонымен қатар, **Білім және Ғылым министрлігінің** бюджеті арқылы қорғаншыларға (қамқоршыларға) ата-ана қамқорынсыз қалған жетім балалар мен балаларды асырап-бағу үшін ай сайынғы

¹ Функционалдық топтар: әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, туризм, ақпараттық кеңістік

төлемдерге **14,3 млрд. теңге**, одан 2013 жылға – **4,4 млрд. теңге** бөлінеді.

Одан басқа, мүгедектерге, қарияларға және тұрғылықты жері жоқ адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жүйесін іске асыру жалғастырылады. Көрсетілген мақсаттарға 2013 жылға арналған республикалық бюджет жобасында **2,4 млрд. теңге** сомада қаражат көзделді, бұл ағымдағы жылғы жоспарлы көрсеткіштерден 178,7 млн. теңгеге артық.

Негізінен, шығыстардың өсімі зейнетақылар мен жәрдемақыларды алушылар санының өсуіне және зейнетақылар мен жәрдемақылардың инфляция деңгейіне индекстелуіне негізделіп отыр.

Сондай-ақ, Мемлекет Басшысы ағымдағы жылғы шілдеде өз мақаласында айтқан **Әлеуметтік жаңғырту** бағыты негізінде үш жылдық кезеңге **6,7 млрд. теңге** бөлінеді, одан 2013 жылы – **2 млрд. теңге**.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы.

Оны іске асыруға 3-жылдық бюджетте **293,6 млрд. теңге** көздеу жоспарланып отыр, оның ішінде 2013 жылы – 94,3 млрд. теңге немесе 2012 жылға қарағанда 32 млрд. теңгеге артық.

Осы шығыстар халықты жұмыспен қамту деңгейін еңбек ресурстарының сапасын арттыру, халықтың жұмыссыздарын, өзін өзі қамтыған және аз қамтылған бөлігін жандандыру, жұмыспен қамтуды өсіруге ықпал ету, еңбек миграциясын басқару арқылы арттыруға бағытталады.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын ауқымды іске асыру нәтижесінде 2013 жылы:

- 53 мың адамнан астамы кәсіби оқуға, 35 мыңнан астам адам – жастар практикасы мен әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілетін болатын;

- жұмыссыздар, аз қамтылғандар және өзін өзі қамтығандар санынан 8 мың адамнан астамына ауылда кәсіпкерлікті дамыту мақсатында микрокредиттер берілетін болады;

- бір мың адамнан астамы оларды одан әрі жұмыспен қамту үшін әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден көшуге жәрдем көрсетілетін болады;

- 12 мың адам тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (ТКШ), әлеуметтік салалар объектілеріндегі, жолдардағы жөндеу жұмыстарына жұмысқа орналастырылатын болады.

Инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету мәселесі де назарсыз қалмайды. Осылай, 2013 жылы Тараз қаласында 300 орынға арналған психоневрологиялық интернат үйін салуды бастау және Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) Грехово кентінде мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған оңалту орталығы ретінде бұрынғы Грехово руднигінің әкімшілік тұрмыстық корпусының ғимаратын реконструкциялау жоспарлануда. Осы жұмыстарды өткізуге 2013 жылы **2,0 млрд. теңге** көзделіп отыр.

Білім беру және ғылым. 2013-2015 жылдары білім мен ғылымға жұмсалатын шығыстар **1 252,1 млрд. теңгені** құрайды, оның ішінде 2013 жылы – **411,6 млрд. теңге** немесе 2012 жылдың жоспарлы көрсеткіштерінен 27,9 млрд. теңге жоғары.

Көзделген қаражат шеңберінде **Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын** іске асыру жалғастырылатын болады, оған **269 млрд. теңге** жіберу, оның ішінде 2013 жылы – **91,1 млрд. теңге** жіберу жоспарланып отыр, оның:

- **15,9 млрд. теңгесін** педагог қызметкерлердің еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіруге байланысты шығындар құрайды;

- **15,3 млрд. теңге** – мектептерде және техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында электрондық оқытуды (e-learning) енгізуге байланысты шығындар;

- **36,4 млрд. теңге** – үш ауысымды және авариялық жағдайдағы мектептердің орнына мектептерін салу, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарын, сондай-ақ Астана қаласында Назарбаев Зияткерлік мектептер және дарынды балаларға арналған оқу сауықтыру орталықтар.

«Балапан» бағдарламасы шеңберінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында **46,2 млрд. теңге сомада** мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жолымен 227,2 мың балалар мектепке дейінгі тәрбиемен және оқумен қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы сомасы **5,2 млрд. теңгеге** 21 балабақша салу жоспарланып отыр.

Одан басқа, мынадай басымды бағыттар іске асырылатын болады:

- ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті қаржыландыруға – **49,8 млрд. теңге** (ағымдағы жылмен салыстырғанда 3,1 млрд. теңгеге ұлғайтылған), оның ішінде бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға – 22,4 млрд. теңге; гранттық қаржыландыруға – 17,7 млрд. теңге, базалық қаржыландыруға – 9,7 млрд. теңге;

- Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, оның ішінде «Назарбаев Университет» ДБОғы мамандарды, сондай-ақ шетелдік жоғарғы оқу орындарында – **119,8 млрд. теңге** немесе ағымдағы жылдың көрсеткіштерінен 8,3 млрд.теңге жоғары;

- өзге де іс-шаралар *(педагогикалық қызметкерлер біліктілігін арттыру, білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету, күрделі шығыстар, біліктілігін арттырудан өткен еңбек төлемі жүйесін көтеру, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарын жаңғырту және т.б.).*

Денсаулық сақтау. 2013-2015 жылдары денсаулық сақтау жүйесіне арналған шығыстар **1 644,2 млрд. теңгені**, одан 2013 жылы **529,6 млрд. теңгені** құрайды немесе ағымдағы жылға қарағанда **70,3 млрд. теңгеге** өскен.

Осы қаражаттан **«Саламатты Қазақстан»** денсаулық сақтау саласын дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 2013-2015 жылдары жалпы сомасы **248,9 млрд. теңге**, одан 2013 жылы – **86,5 млрд. теңге** көзделген.

Көзделген қаражат шеңберінде 2013 жылы мынадай негізгі іс-шаралар, оның ішінде:

- республикалық және жергілікті деңгейлерде тегін медициналық көмектің кепілдік көлемін қамтамасыз ету және кеңейту – **357,3 млрд. теңге**;

- «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын, онкологиялық көмекті дамыту бағдарламасын, «Балапан» бағдарламасын қоса алғанда, денсаулық сақтау объектілерін салу – **65,6 млрд. теңге**;

- ертерек анықталған бірқатар ауруларға нысаналы топтар скринингін өткізу және алдын алу –шараларын өткізу – **27,7 млрд. теңге**;

- азаматтарды қорғау, көлік медицинасын дамыту (оның ішінде тікұшақ техникасын сатып алу) мәселелері бойынша сектор аралық және ведомствоаралық өзара іс-қимыл – **16,5 млрд. теңге**.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында **онкологиялық көмекті дамытудың бағдарламасын** іске асыруға 2013-2015 жылдарда жалпы сомасы **103,5 млрд. теңге**, оның ішінде 2013 жылы – **29,3 млрд. теңге** шығыстар көзделді, одан:

- радиологиялық онкология өңірлік жоғары технологиялық орталықтарды құруға – **8,6 млрд. теңге**;

- скринингтер жүргізу және онкологиялық кабинеттер ашу **12,6 млрд. теңге** сомаға;

- Онкология және радиология ғылыми зерттеу институтын заманауи медициналық жабдықпен жарақтандыру **3,2 млрд. теңге** сомаға.

Мәдениет және ақпарат. Мәдениет және ақпарат саласындағы шығыстардың жалпы сомасы **161,5 млрд. теңгені құрайды**, одан 2013 жылға – **53,3 млрд. теңге**.

2013 жылы негізгі шығыстар мыналарға бағытталған:

- мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу – **33,4 млрд. теңге**;

- театр-концерттік ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге **5,5 млрд. теңге**;

- ұлттық фильмдердің өндірісіне – **3,4 млрд. теңге**.

«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға 3 жылға **12,1 млрд. теңге** көзделген (*жыл сайын 4 млрд. теңгеден*).

Қазақстан Республикасында цифрлы телерадиохабарды дамытуға (ККМ-нің шығыстар) 2013-2015 жылдарға 48,9 млрд. теңге мөлшерінде қаражат көзделіп отыр, одан 2013 жылы **14,3 млрд. теңге**.

Тұрғын үй құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы. Бұл салаға мынадай іс-шараларды іске асыруға қаражат көзделген:

- үш-жылдық кезеңге **«Қол жетімді тұрғын үй-2020»** бағдарлама бойынша **514,1 млрд. теңге** жоспарланған, одан 2013 жылы – **157,2 млрд. теңге** тұрғын үй-құрылыс жинақ ақшасы жүйесі арқылы тұрғын үй сатып алуға, жалға берілетін тұрғын үй салу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға;

- үш-жылдық кезеңге **Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарлама** бойынша **93,3 млрд. теңге** жоспарланған, одан 2013 жылы – **29,9 млрд. теңге** көзделеді, оның ішінде кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкіне жөндеу жүргізуге үшін, жылумен-энергиямен-газбен жабдықтауды дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруға және т.б.

«Ақ-Бұлақ» бағдарламасы шеңберінде 2012-2015 жылдарға **214,3 млрд. теңге** мөлшерінде қаражат көзделген, оның ішінде 2013 жылы – **100,6 млрд. теңгесі** сумен жабдықтау және су бұру, ауылдық тұрғылықты жерлер мен шағын қалалардың жер асты суларының қорларын қамтамасыз ету үшін іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізуге бағытталатын болады.

Ауыл шаруашылығы. Осы салада жалпы сомасы **629,2 млрд. теңге**, оның ішінде 2013 жылға – **239,5 млрд. теңге** шығыстар көзделген, одан аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің келесі шараларға:

- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге – **17,9 млрд. теңге**, одан мемлекеттік ресурстағы сатып алу және астықты орналастыру – **14,7 млрд. теңге**;

- мал шаруашылығын дамытуға – **53 млрд. теңге**, одан *асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға – 10,8 млрд. теңге; құрама жжем құнын субсидиялауға – 28 млрд; «ҚазАгро» АҚ арқылы жүргізілетін шараларға – 14,1 млрд. теңге;*

- ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге – **31 млрд. теңге.**

Бұдан басқа, су шаруашылығына **46,9 млрд. теңге** көзделеді, одан топтық су құбырларын, гидротехникалық құрылыстарды салуға және реконструкциялауға – **35,8 млрд. теңге**;

Ауыл шаруашылығы техникасының лизинг бойынша пайыздық ставкаларының арзандауына **3 млрд. теңге** бағытталады.

Қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік.

2013-2015 жылдары қорғанысқа және Төтенше жағдайлардың алдын алуға арналған шығыстар **1 287,6 млрд. теңгені**, оның ішінде 2013 жылы – **425,8 млрд. теңгені** құрайды, бұл 2012 жылдың жоспарлық көрсеткіштерінен **71,9 млрд. теңгеге** немесе **20,3 %-ға** көп. Осу негізінен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері үшін қару-жарақ пен әскери техниканың заманауи түрлерін сатып алуға, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесіндегі материалдық-техникалық базаны күшейтуге, сондай-ақ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңның қабылдануына байланысты әскери қызметшілерге тұрғын үйді жалға алу (жалға беру) үшін нысаналы өтемақының енгізілуіне байланысты болды.

Қоғамдық тәртіпті күзетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге **құқық қорғау органдарының және арнайы мемлекеттік органдардың** үш жылдық кезеңге арналған шығыстары **1 440 млрд. теңгені** құрайды, оның ішінде 2013 жылға **481,9 млрд. теңге** жоспарлануда, бұл ағымдағы жылдың деңгейінен **59,8 млрд. теңгеге** (14,2 %-ға) артық, оның ішінде 42,1 млрд. теңге ішкі істер органдарына келеді. Құқық қорғау органдар шығыстардың елеулі өсуі әскери атақтардың қызметақы деңгейіне арнайы атақтарға қосымша ақы мөлшерін көтеруіне байланысты.

Бюджет жобасында сондай-ақ мынадай шығыстар көзделеді:

- **инновациялық дамуға**, ұлттық инновациялық жүйені дамыту, инновациялық белсенділікті ынталандыру, инновациялық гранттар беру мақсатында **жыл сайын 5,4 млрд. теңгеден** жіберу жоспарлануда;

- **инвестициялар тартуға**, арнайы экономикалық аймақтарды дамытуға және Қазақстан Республикасында экспортты ынталандыруға жалпы **49,2 млрд. теңге** көзделген, одан дамуға арналған мынадай шығыстарды:

- "Морпорт Ақтау" арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымына – **2,5 млрд. теңге**;
- Қарағанды қаласында индустриалдық паркке – **3,2 млрд. теңге**;
- Алматы қаласы Алатау ауданындағы индустриалдық аймаққа – **2 млрд. теңге**;
- «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағына – **3 млрд. теңгені** қоса алғанда, 2013 жылы – **12,8 млрд. теңге**.

- «Өнімділік-2020» бағдарламасын іске асыруға үш жылдық бюджеттің жобасында жаңа кәсіпорындарды құруды, қолданыстағыларын жаңғыртуды және сауықтыруды қолдауға бағытталатын **909 млн. теңге**, одан 2013 жылы – **303 млн. теңге** көзделген.

Бұдан басқа, үш жылдық кезеңге Дағдарыстан кейін қалпына келтіру (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бағдарламасына жыл сайын мөлшері **19,4 млрд. теңгеден** көзделген.

- 2013-2015 жылдары **Бизнестің жол картасы-2020** бағдарламасын іске асыруға **106,6 млрд. теңге** көзделген, оның ішінде кәсіпкерлік әлеуетін сауықтыруға және күшейтуге, өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға және индустриалдық инфрақұрылымды дамытуға 2013 жылға – **37,3 млрд. теңге** көзделген;

- **Ғарыш бағдарламасын** іске асыруға жалпы 2013-2015 жылдары **48 млрд. теңге**, одан мынадай негізгі жобаларға 2013 жылы – **24,4 млрд. теңге**:

- Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) ғарыш спутнигін құруға – **11,3 млрд. теңге**;
- Құрастыру-сынау кешенін (ҚСК) салу – **7 млрд. теңге**;

- *ҚазСат-3 байланыс және хабарлау спутнигін құруды аяқтауға – 2,9 млрд. теңге бөлу жоспарланған;*

- **электро- және жылу энергетика жүйесін дамытуға жалпы 2013-2015 жылдары 190,3 млрд. теңге, одан 2013 жылы – 82,3 млрд. теңге** көзделген;

- **елді мекендерді газбен жабдықтауға 3-жылдық бюджетте асыруға жыл сайын 13,5 млрд. теңгеден жіберу жоспарлануда;**

- **көлік инфрақұрылымын дамытуға 3-жылдық кезеңде 936,5 млрд. теңге, одан 2013 жылы – 366,2 млрд. теңге бөлу жоспарлануда.**

Осы қаражат есебінен мыналар:

- **сомасы 249,5 млрд. теңге – республикалық маңызы бар жолдарды салу, реконструкциялау және жөндеу;**

- **83,6 млрд. теңге – жергілікті маңызы бар автожолдарды салу, реконструкциялау және жөндеу;**

- **26,8 млрд. теңге – тұрақты ішкі авиа және темір жол тасымалдарын субсидиялау жалғастырылатын болады.**

Бюджет жобасында **«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғам** арқылы іске асырылатын Қорғас-Жетіген темір жолын салуды, Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ магистральдік газ құбырын салуды, жоғары вольтты ОБТҚ-Осакаровка электр тарату желілерін реконструкциялауды аяқтауға **22,4 млрд. теңге** көзделген.

Өңірлік даму. Осы бағыт бойынша үш жылдық бюджет жобасында ағымдағы жылы қабылданған «Өңірлерді дамыту» және «2012-2020 жылдарға моноқалаларды дамыту» сияқты жаңа бағдарламалар бойынша жалпы сомасы **191,7 млрд. теңге** шығыстар көзделген.

Одан 2013 жылы:

- «Өңірлерді дамыту» бағдарламасына – **29,5 млрд. теңге**, мұнда шығыстардың шамамен 80%-ы инженерлік инфрақұрылымға жұмсалады;

- «2012-2020 жылдарға моноқалаларды дамыту» бағдарламасына – **34,1 млрд. теңге**, ол мыналарға бағытталатын болады:
 - *кәсіпкерлерге микрокредиттер беру және оқытуға – 1,8 млрд. теңге;*
 - *кредиттер бойынша пайыздық ставканы субсидиялауға – 1,8 млрд. теңге;*
 - *инженерлік инфрақұрылымға – 22,9 млрд. теңге;*
 - *жаңа өндірістерді дамытуға гранттар беру (300 млн. теңге).*

Құрметті депутаттар!

2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджеттің негізгі параметрлері осындай.

Жұмыс топтарының мен комитеттер отырыстарында бюджет параметрлері неғұрлым егжей-тегжейлі талқыланатын болады.

Конструктивтік диалогқа және Сіздердің тарапыңыздан қолдайсыз деп үміттенемін.

Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін ризашылығымды білдіремін!